

**Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлықтары туралы ережені және Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті жанындағы әдебиет, өнер және сәулет саласындағы
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет
туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 8 қазан 1992 ж. N 841. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.07.30. N 946 қаулысымен

Қазақстан Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осыған қосылған әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары туралы ереже және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР

Министрлер Советінің "Ғылым мен техника, әдебиет, өнер және архитектура саласындағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтары туралы ережелері және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитеттер туралы ережелерді бекіту туралы" 1989 жылдың 10 қарашасындағы N 347 қаулысы күшін жойды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 8 қазандағы

N 841 қаулысымен

Бекітілген

Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы

Қазақстан Республикалық Мемлекеттік

сыйлықтары туралы

ЕРЕЖЕ

1. Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары (бұдан былай "Мемлекеттік сыйлық" деп аталады) қазақтың және әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерін білдіретін Қазақстан Республикасының рухани және мәдени қазынасының құнды байлығы ретінде қоғамдық кәсіптік тұрғыдан танылып, сарапшылық баға алған әдебиет, өнер және сәулет шығармалары үшін беріледі.

2. Мемлекеттік сыйлыққа жұмыстарды қабылдау аяқталардан кемінде бір жыл бұрын жарияланған (басып шығарылған, жұрт алдында орындалған, салынған) әдебиет пен өнер туындылары, ғылыми еңбектер мен сәулет ғимараттары ұсынылады.

Әдебиет, бейнелеу өнері, сәулет туындылары, ғылыми еңбектер сыйлық берілетін күннен кемінде бес жыл бұрын жарияланған (жұртшылыққа көрсету үшін қойылған, салынған) болуға тиіс, ал кино және телефильмдер, театр және теледидар спектакльдері, концерттік бағдарламалар кемінде үш жыл бұрын жұртшылық алдында орындалған (прокатқа келіп түскен) болуға тиіс.

Мемлекеттік сыйлыққа бұрындары ұсынылған жұмыстар Мемлекеттік сыйлыққа қайыра ұсынуға жатпайды. Мемлекеттік сыйлыққа бір үміткерді бірнеше жұмыстар бойынша ұсынуға жол берілмейді.

3. Мемлекеттік сыйлықтар екі жылда бір рет бес сыйлыққа дейін беріледі. Мемлекеттік сыйлықтың ақшалай мөлшерін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті сол сыйлықты беретін жылы белгілеп отырады. Мемлекеттік сыйлық авторлар тобына берілген жағдайда сыйлықтың ақшалай бөлігі олардың арасында тең бөлінеді.

4. Жұмыстарды ұсынудың тәртібі мен мерзімі туралы хабарландыру, сондай-ақ конкурсқа жіберілген жұмыстардың авторлары мен осы жұмыстарды ұсынған ұйымдардың аттары көрсетілген тізім баспасөзде жарияланады.

5. Шығармалардың ұсынылу тәртібін, ашық конкурсқа қабылдау мен іріктеудің ретін және олардың Мемлекеттік сыйлықтарға ұсынылғандығы туралы шешімді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеті (бұдан былай "Комитет" деп аталады) жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік сыйлыққа жұмыстарды ұсыну хұқығы шығармашылық одақтарға, ұйымдар мен олардың ұжымдарына, сондай-ақ өздерінің жарғылары мен ережелеріне сәйкес басқа да заңды мекемелерге беріледі.

Комитет осы Ереженің 1-бабына жауап бере алатын жұмыстарды қ а б ы л д а й д ы .

7. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған жұмыстар баспасөз беттерінде, радиохабарларда, еңбек ұжымдарының жиналыстарында, ғылыми, көркемдік, редакциялық-баспа, сәулеткерлік кеңестердің мәжілістерінде, шығармашылық және басқадай да қоғамдық ұйымдарда осы Ереженің 1-бабына сәйкес мазмұнда т а л қ ы л а н у ы т и і с .

Талқылаудың материалдары, пікірлер, ұсыныстар мен ескертпелер Комитетке жолданып, конкурстық жұмыстарды қараған кезде ескерілетін болады.

8. Спектакльдерді, кино және телефильмдерді, бейнелеу өнері туындылары көрмесін көруді, концерттік бағдарламалар мен музыкалық шығармаларды тыңдауды, сәулет шығармаларымен танысуды Комитетпен бірлесіп ұйымдастыру - тиісінше Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне, Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитетіне, "Қазақкино" концерніне, шығармашылық о да қ та р ға ж ү к т е л е д і .

9. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған ұжымға шешуші үлес қосқан негізгі авторлар ғана енгізілуі тиіс, ұсынылған ұжымға адамдарды тек әкімшілік қызметінің сипаты бойынша енгізуге жол берілмейді. Ұсынылғандар саны әдетте 5 а да м н а н а с п а у ы к е р е к .

10. Мемлекеттік сыйлықтарды беру туралы шешімді Комитет жасырын дауыспен қабылдайды да, ол шешім Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен соң күшіне енеді. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Мемлекеттік сыйлықтарды беру туралы қаулысы Республика күніне о р а й б а с п а с ө з д е ж а р и я л а н а д ы .

11. Мемлекеттік сыйлықтың лауреатының жаңа ірі жетістіктері болған жағдайда бұл сыйлық оған қайталап берілуі мүмкін.

12. Мемлекеттік сыйлық алған адамдарға "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты" атағы беріліп, диплом, құрмет белгісі (сипаттамасы беріліп отыр) мен куәлік тапсырылады. Сыйлық салтанатты жағдайда т а б ы с е т і л е д і .

13. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеңілдіктерді пайдаланады.

14. Мемлекеттік сыйлықтың қайтыс болған немесе марқұм болғаннан кейін наградталған лауреатының дипломы мен құрмет белгісі ескерткіш ретінде оның жанұясында қалдырылады немесе беріледі. Сыйлықтың ақшалай бөлігі азаматтық заңдарда көзделген тәртіп бойынша мұра ретінде беріледі.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 8 қазандағы

№ 841 қаулысымен

Бекітілген

Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
сыйлықтары жөніндегі комитет туралы
Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитеті (бұдан былай "Комитет" деп аталады) мемлекеттік-қоғамдық ұйым саналады, неғұрлым беделді жазушылардан, композиторлардан, әдебиетші-ғалымдардан, суретшілерден, сәулетшілерден, дизайнерлерден, өнер зерттеушілері мен мәдениет қайраткерлерінен құралады. Комитеттің жекелей құрамын Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті бес жылдық мерзімге бекітеді. Комитет құрамында әрі кеткенде екі мерзім болуға жол беріледі. Комитет құрамының тізімі және ондағы өзгерістер туралы ақпарат б а с п а с ө з д е ж а р и я л а н а д ы .

Комитеттің сандық құрамы 50 адамнан, ал оның президиумы 9 адамнан а с п а у ы т и і с .

Ескерту. 1-тармақтың бірінші абзацы сөйлеммен толықтырылған -
ҚРМК-нің 22.12.1994 ж. № 1448 қаулысымен.

2. Комитет жұмысына оның төрағасы басқаратын президиум басшылық ж а с а й д ы .

3. Комитет өз қызметінің мақсатына сәйкес:

Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарына (бұдан былай "Мемлекеттік сыйлық" деп аталады) ұсынылатын жұмыстарды алдын-ала қарап, қабылдайды, оларды ұсыну тәртібі қ а т а ң с а қ т а л у ы н б е л г і л е й д і ;

жұмыстарды іріктейді және конкурсқа қатыстыруға жіберу туралы ұсыныс енгізеді, жіберілген жұмыстардың авторлары мен оларды ұсынған ұйымдары көрсетілген тізімді баспасөзде жариялайды, ол жұмыстардың кеңінен әрі ашық түрде т а л қ ы л а н у ы н ұ й ы м д а с т ы р у ғ а қ а т ы с а д ы ;

конкурс қажі берілген жұмыстарды шығармашылық пікірталас, жоғары талапшылдық пен принципшілдік жағдайында қарастырып, Комитетке келіп түскен қоғамдық талқылаудың барлық материалдарын басқа да құжаттарды зерттейді, сыйлықтарды беру туралы шешім қабылдайды және оны бекіту үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне енгізеді;

Мемлекеттік сыйлықтың лауреатының дипломын, куәлігі мен құрмет белгілерін ресімдейді.

4. Комитетке мынадай хұқық беріледі:

Мемлекеттік сыйлықтарға ұсынылған жұмыстарды алдын ала қарастырып, бұл жұмыстардың деңгейі туралы қорытындылар жасап және солар жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін әдебиеттің, өнер мен сәулеттің, дизайнның жекелеген салалары, көркем шығармашылықтың теориясы мен тарихы бойынша секциялар мен сарапшылық комиссиялар құруға;

Мемлекеттік сыйлықтарға ұсынылған жұмыстарды сараптан өткізу үшін ғылыми, шығармашылық және мемлекеттік ұйымдарға жіберуге. Сыйлықтарды алу үшін түскен жұмыстарды рецензиялауға әдебиет, өнер, сәулет, көркем шығармашылықтың теориясы мен тарихы саласындағы мамандарды қатыстыруға;

Театр қойылымдарымен, монументалды өнер, сәулет туындыларымен және басқа жұмыстармен, сондай-ақ сыйлыққа ұсынылғандардың шығармашылық үлесімен жергілікті жерлерде танысу үшін Комитет мүшелерін, сарапшыларды немесе сарапшылық комиссияларды жіберуге;

Комитет мүшелерімен эксперттердің іссапар шығынын, сондай-ақ қатыстырылған мамандардың жұмысын белгіленген смета аясында ақы төлеуге.

5. Мемлекеттік сыйлықтарға ұсынылған жұмыстарды Комитет екі кезеңде қарайды. Бірінші кезеңде Комитеттің президиумы жұмыстарды сыйлыққа ұсыну конкурсына қатыстыру үшін іріктейді, екінші кезеңде Комитет сыйлық беру туралы шешім қабылдайды.

Жұмыстарды алдын-ала іріктеу туралы шешім Комитеттің президиумына көпшілік ашық дауыспен қабылданады.

Мемлекеттік сыйлықтарды беру туралы шешімді Комитет жабық дауыспен қабылдайды. Мемлекеттік сыйлықты беру үшін жұмыс мәжіліске қатысушы Төралқа мен Комитеттің тиісті секциясы мүшелерінің қатысушылардың 3/4 дауысын алуы тиіс. Төралқа мен тиісті секцияның мәжілістері өз құрамдарының кемінде 2/3 қатысқан жағдайда хұқылы деп саналады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 22.12.1994 ж. N 1448 қаулысымен.

6. Егер Мемлекеттік сыйлыққа Комитет мүшесінің жұмысы ұсынылған ретте оның авторы Комитеттің сол сыйлыққа ұсынылған шығармаларды қарайтын секциялары мен мәжілістерінің жұмысына қатыспайды.

7. Комитеттің Мемлекеттік сыйлықтарды беру туралы шешімдері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынылады, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы Республика

күніне орай республикалық баспасөзде жарияланады.

8. Комитеттің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
сыйлықтары жөніндегі Ережеге
Қосымша

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы
лауреатының омырауға тағатын құрмет белгісінің
СИПАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреатының құрмет белгісі диаметрі 25 мм дұрыс шеңбер түрінде болады.

Белгінің бет жағында (тегіс фонда) шеңбердің сол жағын бойлай лавр бұтағының бедерлі бейнесі және оң жағында жоғарыда - қазақтың оюы салынған.

Белгі негізінің бүйірі жылтыр. Белгінің сырт жағында төрт жолға: "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты" деп жазылған және сызық жүргізіліп, оның астынан белгінің ойып басылған нөмірі орналастырылған.

Белгі шығыршық пен сақина арқылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалауы бейнеленген, көк жолақ (жолақтың ені 12,5 мм) муар лентамен қапталған тік бұрышты колодкамен жалғастырылған. Колодканың ұзындығы белгінің диаметріне, ені - оның ұзындығының жартысына тең. Колодканың сырт жағында белгіні киімге тағатын түйреуіш бар.

Құрмет белгісінің негізі, колодка және белгінің қалған бөлшектері жезден ж а с а л ы п , ал т ы н ж а л а т ы л ғ а н .